

ШҮРЛҮ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январьнан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№76 (3341), сенбі,
20 сентябрь, 2025 жыл

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ БОЙЫНША ЖАҢА ІС-ШАРАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРІЛДІ

Президент Шавкат Мирзияев 19 сентябрь күні денсаулық сақтау жүйесін одан әрі жетілдіру іс-шаралары туралы есеппен танысты.

Бүгінде елімізде халықаралық тәжірибеге негізделген және медицинаны халыққа жақындатуға бағытталған алғашқы медициналық-санитарлық көмектің жаңа үлгісін енгізуге ерекше көңіл бөлінуде. Соның негізінде көпсалалы орталық емханалар, отбасылық дәрігерлік пункттер мен отбасылық емханалар, махалла медициналық пункттері бірыңғай жанау негізінде дамып келеді.

Соның нәтижесінде отбасылық дәрігерлердің үлесін 70 пайызға жеткізу көзделуде. Цифрландыру және қағаз құжат айналымын қысқарту арқылы медицина қызметкерлерінің жұмысін үштен біріне жуық қысқартуға және азаматтардың бастапқы деңгейде көмек қызметтеріне қанағаттану деңгейін 85 пайызға арттыруға бағытталған. Бұл ретте медицина қызметкерлерінің материалдық ынталандырудың жаңа жүйесі енгізілуде, бұл олардың кәсіби тиімділігіне тікелей байланысты болады.

Президент мамандандырылған көмекті түбегейлі жақсартудың маңыздылығына тоқталды. Елімізде ондаған ғылыми-тәжірибелік медициналық орталықтар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықылып, бюджеттен қыруар қаржы бөлінуде.

Бұл ретте халық арасында қызмет көрсету сапасы мен ұзын-сонар кезекке қатысты наразылықтар сақталуда. Мамандандырылған орталықтарда емдеудің халықаралық стандарттарын енгізу және

бастапқы деңгейде әдістемелік жұмыстың бәсеңдігі атап өтілді.

Сондықтан республиканың барлық мамандандырылған клиникаларының қызметін қайта қарап, оларды басқаруға заманауи, кәсіби менеджерлерді тарту ұсынылды. Түрік мамандары қызмет ететін Республикалық онкология және радиология орталығы соның жарқын мысалы.

Қазіргі уақытта клиникалық хаттамалар қайта қаралып, жанартылуда: осы уақытқа дейін 400-і қайта қаралды, ал жыл соңына дейін бұл көрсеткіш екі есеге артады. Азия даму банкінің қолдауымен үш мыңнан астам медициналық қызметтің тарифтік әдістемесі әзірленуде.

Мемлекет басшысы тағы бес орталыққа шетелдік кәсіби менеджерлерді тарту немесе оларды шетелдегі беделді клиникалардың басқаруына беру мүмкіндігін зерделеуді тапсырды.

Халықаралық тәжірибе негізінде диагностикалық және емдеу стандарттарын әзірлеу, ұлттық клиникалық хаттамалар жасау, жаңа технологияларды енгізу, орталықтарды дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу, жоғары білікті мамандарды тарту, халыққа сапалы медициналық көмек көрсетудің ашық және әділ жүйесін қуру қажет екендігі айтылды.

Жиналыста балалардың денсаулығын сақтау іс-шаралары да талқыланды.

Атап өтілгендей, бүкіл

әлемде емшек сүтімен емізу мәселесі өзекті болып табылады және ана сүтін алмастырғыштарды қолдану артып келеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2030 жылға қарай 6 айға дейінгі балалардың 70 пайызын тек ана сүтімен астам мақсатына қол жеткізу үшін елімізде ана сүтімен емізуді қолдаудың соның жарқын мысалы.

Бағдарлама аясында ДДСҰ мен ЮНИСЕФ-тің "Ана сүтімен азықтандыруға қолайлы жағдай жасайтын медициналық мекеме" және "Ана сүтімен сәтті емізуге 10 қадам" бастамалары жүзеге асырылатын болады. Медицина қызметкерлері ана сүтімен емізу бойынша оқыту және жүкті әйелдер мен аналар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады.

Заңнамаға ана сүтін алмастыратын өнімдерді жарнамалауды шектеуге, сондай-ақ балаларға арналған тамақ өнімдерін өндіруге, әкелуге және әкетуге, тасымалдауға, сақтауға, өткізуге және жеткізуге қойылатын талаптар мен стандарттарды жетілдіру ұсынылды.

Президент ұсыныстарды мақұлдап, медициналы халыққа жақындату және оның сапасын арттыру, жұқпалы емес аурулардан болатын өлімді азайту, жас ұрпақтың денсаулығын нығайту бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

ӨзА

ҮШІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЛӨНЕР ФЕСТИВАЛІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕРАМИКА ФОРУМЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА

Құрметті фестиваль және форум қатысушылары!

Құрметті қонақтар!

Ханымдар мен мырзалар!

Сүйікті Отанымыздың тарихи қалаларының бірі – көне Қоқанға тағы бір айтулы мереке әкелген Халықаралық қолөнер фестивалі мен Халықаралық керамика форумының ашылуымен, қымбаттылар, сіздерді шын жүректен құттықтаймын.

Халықтық қолданбалы өнерді, оның даму тарихын, мектептерін, салт-дәстүрін зерделеу мен насихаттауға бағытталған бұл конференцияға әлемнің 70-тен астам елінен 300-ге жуық білікті шеберлер, халықаралық ұйымдар, мәдени және ғылыми қауымдастық өкілдерінің қатысуы оның халықаралық беделінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Елімізде халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптастырған бай мәдени мұрасының, ұлттық салт-дәстүрлері мен құндылықтарының ажырамас бөлігі болып табылатын, өткен мен болашақтың арасындағы үлгілі рухани көпір қызметін атқарып келе жатқан қолөнер саласын дамытуға зор көңіл бөлінуде. Нәтижесінде бұл бағыт экономикамыздың маңызды салаларының біріне айналып отыр. Мұны қолөнершілер, шеберлер, дизайнерлер мен шығармашыл жастарға зор мүмкіндіктер жасалып, олардың өнімдерін әлемдік базарға шығарып, ұлттық бренд ретінде та-

ныту бағытында ауқымды жұмыстардың атқарылып жатқанынан көруге болады.

Айта кетерлігі, бұл сала дамыған қалалар мен аудандарда 11 қолөнерді дамыту орталығы құрылып, жылдық өнім көлемі 1 триллион 500 миллиард сумнан асып, әлемнің түрлі елдеріне экспорты көнейіп келеді.

Қолданбалы өнер түрлерін жаңғырту жолындағы жүйелі жұмысымыздың нәтижесінде олардың саны 43-ке жетіп, соңғы үш жылда түрлі салада еңбек етіп жүрген 31500 шеберіміз алғаш рет "Хунарманд" бірлестігіне мүшелікке қабылданды.

118 мың жастың, оның ішінде аз қамтылған, уақытша жұмыссыз, еңбекке жарамсыз азаматтардың ғана "Шебершәкірт" дәстүрі бойынша жұмысқа орналасуы әлеуметтік мәселелерді шешуде де саланы дамытудың маңызы артып келе жатқанын көрсетеді.

Елімізде қашанда өз кәсібін асқан сүйіспеншілікпен, адалдықпен еңбек еткен қолөнершілердің қажырлы еңбегін ынталандыруға ерекше көңіл бөлініп, көптеген сала өкілдері мемлекетіміздің жоғары атақтарымен, ордендерімен, медальдарымен марапатталуда.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Фестиваль аясындағы халықаралық конференциялар, көрмелер мен жәрменкелер, ұлттық киімдер көрсетілімі мен кездесулер, Риштон ауданында өтетін Ха-

лықаралық керамика форумы шығармашылық сұхбаттар, әрине, жас қолөнершілер үшін шеберлік сабақтарының бірегей алаңы болады.

Белгілі болғандай, Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің қаулысымен Бұхара, Қокан, Марғылан сынды көне қалаларымызға "Әлемдік қолөнершілер қаласы" деген жоғары мәртебе берілді. Биыл олардың қатарына Риштон мен Шахрихан қалалары да қосылуда.

Жақында ТҮРКСАЙ Бас хатшылығы Қоқан қаласына тағы бір құрметті атақ – "Түркі әлемінің қолөнершілер қаласы" мәртебесін берді. Осының барлығын еліміздегі халық қолданбалы өнерін дамытуға бағытталған еңбегіміздің тағы бір халықаралық деңгейде мойындалуы деп қабылдаймыз.

Әдемі дәстүрлерімен, оның ішінде қолөнер мектептерімен, теңдесі жоқ қолөнер шеберлерімен әйгілі сұлу Ферғана жерінде өтетін бұл өнер фестивалдері мәдени өмірімізде терең із қалдыратын, достық пен ынтымақты одан әрі нығайтып, ескелен ұрпаққа кен мүмкіндіктер ашатын ұмытылмас оқиға болады деп ойлаймын.

Баршаныңа зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар, фестиваль мен форум жұмысында табыс тілеймін.

Шавкат МИРЗИЯЕВ,
Өзбекстан Республикасы Президенті

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСАДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 80-мерейтойлық сессиясының шараларына қатысу үшін 20-24 сентябрь күндері жұмыс сапарымен Нью-Йоркте болады.

Мемлекетіміз басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық сессиясы жалпы пікірталасының бірінші күнінде сөз сөйлейді.

Айта кету керек, Бас Ассам-

блеяның биылғы мерейтойлық сессиясында жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу, БҰҰ сәтсіздік мен халықаралық қаржы

архитектурасын реформалау, климаттың өзгеруінің салдарымен және басқа да заманауи қауіптермен күресудің өзекті мәселелері қаралады.

Саммит аясында Өзбек-

стан басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, шет мемлекеттер мен үкіметтердің басшыларымен, ықпалды халықаралық қаржы институттарымен келіссөздер жүргізеді.

Сапар бағдарламасының іскерлік бөлігіне АҚШ-тың жетекші компаниялары мен қаржылық-инвестициялық құрылымдарының қатысуымен кездесулер мен іс-шаралар кіреді. Жана келісімдер мен келісімшарттардың жиынтығына қол қойылады деп күтілуде.

ӨзА

Халықаралық конференция

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының қаулысымен 2007 жылдың 15 сентябрі – Халықаралық демократия күні деп жарияланған. Бұл мерекелік күннің басты мақсаты – әлемде демократиялық жағдайға мән беру, адам құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етуде оның маңызын одан әрі айқын көрсету.

Соған орай кеше Демократиялық үдерістерді талқылау орталығының бастамасымен "Өзбекстанның демократиялық дамуында азаматтық қоғамның орны: жаһандық шақырулар және болашақтар" тақырыбында халықаралық конференция өтті. Конференция БҰҰ-ның Өзбекстандағы өкілеттігі, БҰҰ Даму бағдарламасы, Еуропада Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымы (ЕКҰҰ), сондай-ақ "Юксалиш" қозғалысы, Прогрессивті реформалар орталығы, Даму стратегиясы орталығы, сондай-ақ беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдарының ұлттық ассоциациясының ынтымақтастығында ұйымдастырылды. Шараны Демократиялық үдерістерді талқылау орталығының директоры Азамат Пардаев кіріспе сөзімен ашып, елімізде азаматтық қоғам институттарының қызметін дамыту және қолдап-қуаттау барысындағы іс-әрекеттер туралы айтып өтті.

Конференцияға Жапония, Германия, Түркия, Швеция, Швейцария, Польша, Эзербайжан, Қазақстан сынды елдер-

ден "ақыл орталықтары", зерттеу институттары, беймемлекеттік ұйымдарының сарапшылары және Өзбекстандағы мемлекеттік органдар, қоғамдық құрылымдардың өкілдері, сондай-ақ зерттеушілер қатысты.

Соңғы жылдары елімізде азаматтық қоғам институттарының қызметін дамыту, бұл орайда заңдылықты жетілдіру, жұртшылық бақылауы саласындағы рөлі мен әсерін күшейту барысында жүйелі реформалар жүзеге асырылып жатқаны тілге тиек етілді.

Шарада айтылуынша, соңғы жылдары елімізде азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызын түбегейлі арттыру, олардың билік органдарымен, сондай-ақ басқару органдарымен ынтымақтастығын күшейту бойынша жаңа жүйе жасалды. Осы саланы реформалауға беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың еркін жұмыс жүргізуі үшін мүмкіндіктерді одан әрі жақсартуға бағытталған бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданды.



рістердің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған бірегей электронды платформа іске қосылды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 26 августындағы Жарлығында әр жылы министрліктер мен кенеселер азаматтық қоғам институттарына бюджеттен тыс қаржының есебінен әлеуметтік

тапсырыс беру бойынша байқаулар ұйымдастыруға қатысты міндеттер де бар. Сондай-ақ азаматтық қоғам институттарына тиісті салалардағы бар ділгірліктердің әсерлі шешімін көздейтін бастамалы жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттің әлеуметтік тапсырысын алу туралы мүдделі мемлекет органына ұсыныс енгізу құқығы берілді.

Үстіміздегі жылдың 21 августы күні қабылданған қаулымен іс

қызметіне заңсыз араласуы үшін жауапкершілік белгіленді.

Азаматтық қоғам институттарының жұртшылық бақылауына қатысты бастамасы толық келіп-леніп, мемлекеттік органдардың жұртшылық бақылауына тиісті қорытынды құжаттар дер кезінде қаралмағаны үшін жауапкершілік белгіленді.

Бүгінгі таңда Өзбекстанда 30 мыңға жуық азаматтық қоғам институты жұмыс жүргізіп, онда 150 мыңнан астам азамат



тыратын әлеуметтік көпір міндетін атқаруда.

Халықаралық сарапшылардың пікіріне қарағанда, әлемде болып жатқан күрделі геосаяси мәселелер жағдайында Өзбекстан ұлттық, аймақтық және жаһандық қауымдастық, тұрақтылық, бауырмалдық және өзара мүдделі серіктестік негізінде жалпыдемократиялық қағидаттарды кен түрде енгізуде.

— Мұндай кен ауқымды шара Орталық Азия бойынша бірінші рет Өзбекстан етуде, — дейді БҰҰ даму бағдарламасының Өзбекстандағы тұрақты өкілінің орынбасары Анас Файяд Карман. — Бүгінде демократиялық үдерістерді күшейту тек Өзбекстанның ғана емес, Орталық Азия аймағының тұрақты өркені үшін зор маңызға ие. Бүгінгі конференция да осындай үдерістерді нығайтуға қызмет етеді. Кейінгі жылдарда Өзбекстанда демократиялық жолында үлкен адым қойылуда, мемлекетте БҰҰ-ның қызметі қарқынды дамуда.

Конференцияда әлеуметтік серіктестік пен жұртшылық бақылауы азаматтық қоғамның әлеуметтік жауапкершілігі сынды салаларда еліміздің тәжірибесі туралы халықаралық са-

рапшылардың пікірлері тыңдалды.

Шараның талқылау бөлімінде Жаңа Өзбекстанның азаматтық қоғам институттары дамыту саласындағы тәжірибесі Германия, Швейцария, Жапония, Түркия және Эзербайжан сынды елдердің тәжірибесімен салыстырылды.

Жаһандық деңгейде демократиялық құндылықтарды қорғау бойынша Өзбекстан тәжірибесі саладағы озық модельдердің бірі ретінде тілге тиек етілді.

Халықаралық тәжірибелер мысалында жаһандық қайшылықтар жағдайында демократия және азаматтық қоғамды күшейтудің инновациялық саяси технологиялары бойынша ұсыныстар шығарылды.

Қорыта келгенде конференция жергілікті және шетелдік сарапшылар үшін жанды байланыс платформасы міндетін атқарды. Сондай-ақ шарада өзара ынтымақтастықты күшейту, тәжірибе алмасуын жандандыру бойынша бастамалар білдірілді.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
"Нұрлы жолдың"
тілшісі.

Депутат мінбері

ЗАҒДЫЛЫҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК

Бүгінде елімізде реформалар “Адам қадірі үшін” қағидасы негізінде жүзеге асырылып, әрқайсысымыздың өмірімізде, өмір салтымызда айқын көрініс табады. Халықтың өмір сүру деңгейі одан әрі жақсарып, қалаларымыз бен ауылдарымыз абаттанып, көркейіп келеді. Ең бастысы, біздің жаңару мен даму жолындағы күш-жігерімізді халықаралық қоғамдастық, беделді халықаралық қаржылық саяси ұйымдар, саясаткерлер мойындады. Мұны Президентіміз жүргізіп отырған ұтымды саясаттың жемісі десек, қателеспейміз.

Әсіресе, әлеуметтік саладағы түбегейлі өзгерістер халыққа бағдарланған саясаттың жарқын үлгісі. Мемлекет басшысының берік саяси ерік-жігері мен тікелей бастамаларының арқасында Өзбекстан шын мәніндегі әлеуметтік мемлекетке айналуда.

Мемлекет басшысының бастамасымен мүгедектер мен бала күтімімен айналысатын азаматтарға жеңілдіктердің жаңа түрлері енгізілді. Бұл миллиондаған отбасының өмір сүру деңгейін жақсартуға көмектеседі.

Айта кетерлігі, мемлекеттің барлық әлеуметтік мәселелерін алу гуманитарлық саясаттың маңызды көрінісі екені сөзсіз. Бұл бағыттағы жұмыстар заңды негізде нығайтылып жатқаны көңілге қонымды. Атап айтсақ, Президенттің 2023 жылғы 1 июньдегі Жарлығы мен Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі ұлттық агенттіктің құрылуы әлеуметтік саладағы революциялық өзгерістердің бастауы болды. “Инсон” әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының іске қосылуы — әрбір адамның тағдырына ерекше көңіл бөлу қағидасының іс жүзіндегі көрінісі. Жаңа жүйеде әлеуметтік көмектің нақтылығы мен тиімділігіне ерекше мән берілген. Президент атап өткендей, әрбір отбасы мен адамға жеке көзқарас қажет. Ол үшін махалла деңгейінде әлеуметтік қызметтер ұйымдастырыла бастады. Аз қамтылған отбасыларды анықтау және оларға көмек көрсету жүйесі ашық болды.

Мемлекет басшысының бастамасымен енгізілген “әлеуметтік карта” жүйесі азаматтарымыздың өмірін одан әрі жеңілдеті түсті. Енді азаматтар әлеуметтік қызметтің 250-ден астам түрін пайдалану үшін 10-нан астам құжатпен шектелді. Енді олардың орнын бірінғай “әлеуметтік карта” алмастырады. Бұл карта арқылы сіз қоғамдық көлікте тегін жүре аласыз, электр, газ және оқу құжаттарының шығындары үшін өтемақы, жеңілдіктер мен көмек ала аласыз. Бұл қарапайым халықтың мұн-мұқтажын терең түсінетін, бюрократиялық кедергілерді жоюға бағытталған Президенттің іс жүзіндегі қадамы.

Жаңадан енгізілген жүйе бойынша жәрдемақы алушылардың тізіміне бірінші кезекте мүгедек, ата-анасы жоқ, асыраушысынан айырылған, ауруына немесе басқа да себептерге байланысты ұзақ уақыт жұмыс істей алмайтын жаңылары қамтылады. Басқа азаматтарды “әлеуметтік реестріне” енгізу кезінде олардың кірісі ғана

емес, шығыстары да ескерілетін болады. Бұл саланың заңнамалық базасы да нығаюда.

Айта кетерлігі, соңғы жылдары парламент әйелдер мен балаларды қққықтарын қорғауға бағытталған бірқатар заңдарды қабылдады. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекске енгізілген өзгерістер мен қосымшалар тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті белгілеп, жазаны күшейтті. Бұл ретте балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жүйесін жаңа деңгейге көтеру және бұл саланы одан әрі жетілдіру мақсатында “Балаларды зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау туралы” Заң қабылданды.

Осы орайда Президенттің жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға деген қамқорлығын да ерекше атап өткен жөн. Осы саладағы Парламентте қабылданып жатқан заң жобалары озық бастамалардың құқықтық негізін нығайтуға қызмет етеді.

Заң шығару палатасының 2025 жылғы 5 августтағы мәжілісінде балаларды әлеуметтік қорғау жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған заң жобасы тұжырымдамалық тұрғыда бірінші оқылымда қабылданды.

“Еңбек қабілеттілігін анықтау” ескірген тәжірибесінің жойылуы, протездік құрал түрлерінің санының 18-ден 30-ға дейін ұлғаюы, қаражаттың 1,5 есеге артуы, мұндай құрылғыларды үйден онлайн немесе “Инсон” орталығы арқылы, ваучер арқылы кез келген өндірісіден сатып алу мүмкіндігін жасалуы — мұның барлығы ерекше көңіл бөлуін нәтижесі.

“Белсенді өмірге қадам” бағдарламасын жүзеге асыру Президент бастамаларын құқықтық тұрғыдан нығайтып, олардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Өйткені әлеуметтік-құқықтық реформалар Өзбекстанды барлық жағынан гүлденген, әділетті, адамгершілікті мемлекетке айналдырады.

Біз, парламент өкілдері, осы үдерістерге белсене қатысуды міндетіміз деп санаймыз. Қазіргі таңда Заң шығару палатасында қабылданып жатқан заңдар Президент бастамаларын құқықтық тұрғыдан нығайтып, олардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Өйткені әлеуметтік-құқықтық реформалар Өзбекстанды барлық жағынан гүлденген, әділетті, адамгершілікті мемлекетке айналдырады.

М.ХУЖАЕВА,
Олий Мажлис Заң шығару палатасы Спикерінің орынбасары.

Өзекті мәселе

ГЕНДЕР ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

Үстіміздегі жылғы 15-16 сентябрь күндері Ташкент қаласында Заманауи журналистиканы дамыту орталығының ұйымдастыруымен журналистерге, блогерлерге арналған семинар-тренинг өтті.



Оған қатысқан БАҚ өкілдері мен блогерлер “Тендік журналистикасы: гендер және климаттық проблемалар” тақырыбында жаңа білім алып, пікір алды. Бұл шара өзара ақпарат алмасу ғана емес, әлеуметтік саны жетілдірудің және жаңа идеяларды қалыптастырудағы маңызды орта болды.

Аталған тренингтің негізгі мақсаты — гендер және климаттық проблемаларды журналистер қызметімен анық әрі жанды жеткізуді үйрету. Өйткені бүгінгі таңда климаттың

өзгеруі мен гендер тендігі дүниежүзі көлеміндегі өзекті проблемалардың бірі ретінде қарастырылады.

Бұл жоба Еуропа Одағы қаржыландыратын “Табассум” жобасы шеңберінде жүзеге асырылды. Жобаны атқарушы ұйымдары — DW Akademie Заманауи журналистиканы дамыту орталығы (MJDC), сондай-ақ Германия Экономикалық ынтымақтастық және даму федералдық министрлігі (BMZ) тарапынан қолдап-қуатталады. Олардың ынтымақтастығы жастар мен әйелдердің



мүмкіндіктерін кеңейтуге, гендер тендігін насихаттауға бағытталған. Онда қатысушылар климаттың өзгеру себептерін, оның қоғамға әсерін және гендерлік қатынастар шеңберіндегі күрделі тұстарды бойынша іс жүзіндегі жаттығуларды өткізді. Журналистер әлеуметтік салаларда, өз блогтарында, телевизиялық бағдарламалары мен басылымдарда бұл тақырыптарды ашық әрі бейтарап жариялаудың маңыздылығын терең менгерді.

Екі күндік семинар-тренингке Заманауи журналистиканы дамыту орталығының директоры Саида Сулайманова қатысып, өз саласының білікті мамандары Барнохан Артикходжаева және Бобур Каримовтар қаты-

сушыларға іс жүзіндегі әрі теориялық білімдерімен бөлісті.

Бүгінгі таңда ақпарат құралдары қоғамдағы стереотиптерді жою, әділетсіздік пен кемсітуді болдырмау жолында ерекше рөл атқарады. Сондықтан климат және гендер мәселелерін кеңінен әрі бейтарап жариялайтын журналистиканы дамыту маңызды.

Жаңа білімдер, озық идеялар мен жаңы пікірталастар Ташкенттегі бұл кездесудің ерекше әсерлі әрі қызықты болуына ықпал жасады. Журналистер алған білімдері мен тәжірибелерін күнделікті өмірде, өз хабарлары мен мақалаларында, репортаждарында толық бейнелеуді, қоғамға жақсы ықпал етуді міндеттерінің бірі ретінде қарастыратынын білдірді.

Суреттерде: тренингтен көріністер.

Беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдармен диалог:

ЖАҢА МҮМКІНДЕР МЕН КЕМЕЛ БОЛАШАҚ

2025 жылғы 10 сентябрь күні Нурафшан қаласында Демократиялық үдерістерді талдау орталығы, сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Заң шығару палатасының Демократиялық институттар және азаматтық қоғамды дамыту мәселелері комитетінің ынтымақтастықта беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың өкілдерімен диалог ұйымдастырылды.

Іс-шараға Демократиялық үдерістерді талдау орталығының басшысы, Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты Азамат Пардаев, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Заң шығару палатасының Демократиялық институттар және азаматтық қоғамды дамыту мәселелері комитетінің төрайымы Гулрух Ағзамова, қоғамдық бірлестіктер мен беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың, азаматтардың өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ БАҚ өкілдері қатысты.

Онда 2017-2025 жылдар барысында азаматтық қоғам институттарын дамытуға бағытталған 70-тен астам заңнамалық құжаттың қабылданғаны айтылды.

Әсіресе, 2025 жылғы 21 августа қабылданған 1083-санды Өзбекстан Республикасының Заңында ББҰ қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған толықтырулар енгізілгені атап айтылды.

Заңнамада алғаш рет азаматтық қоғам институттарының анық құрамы белгіленді. Оған қоғамдық бірлестіктер, ББҰ, азаматтардың өзін-өзі басқару органдары, бұқаралық ақпарат құралдары енгізілді. Сондай-ақ Олий Мажлис құзырында Азаматтық қоғам институттарын қолдап-қуаттау қоғамдық қорының 14 аймақта жеке бөлімшелерін құру көзделді.

Парламенттік комиссияның құрамы да қайта қаралды: енді комиссия тек Заң шығару палатасының депутаттары мен Сенат мүшелерінен құралады, олардың кезек-кезекпен төрағалық ететіні белгіленді.

Бұрынғы іс-шараларды ұйымдастыруда қолданылып келген “келісім” тәртібінің орнына “хабарландыру” механизмі енгізілді. Мемлекеттік тіркеуден өткізу және филиалдарды есепке алу тәртібі жеңілдетілді, талап етілетін құжаттар нақты бел-



гіленді, жоққа шығару негіздері қысқартылды, жоққа шығарылған жағдайда сотқа жүгіну кепілдігі нығайтылды. Бұдан тыс, беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың өкілдері мен филиалдары мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап автоматты түрде заңды тұлға мәртебесіне ие болатынына кепілдік берілді.

Беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдардың меншік көздерінің тізімі кеңейтілді. Заңды көздер қатарына шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, сондай-ақ шетел азаматтарынан алынған қаражаттар мен меншіктер де енгізілді.

Мемлекеттік субсидиялар мен гранттар көздеріне енді мемлекеттік бюджет қана

емес, тіпті республикалық және жергілікті бюджеттер, сондай-ақ мемлекеттік мақсатты қорлар да кіреді. Бұл өзгерістер азаматтық қоғам институттарының құқықтық мәртебесін нақты айқындауға, олардың мемлекеттік органдармен ынтымақтастығын нығайтуға, қаржылық қолдаудың тиімді механизмі енгізуге қызмет ететіні айтылды.

ББҰ-ның рейтингтік және белсенділік көрсеткіштерін әзірлеу, оларды қолдау мақсатында ғимараттар мен офис алаңдарын жалға беретін заңды және жеке тұлғаларға салықтық жеңілдіктер енгізу, ББҰ өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында арнайы оқыту курстарын ұйымдастыру сияқты ұсыныстарды жасады.

Бұдан тыс, ББҰ-ның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында гранттар мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік механизмдерін пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту, цифрлық платформалар мен ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мүмкіндіктерін дамыту мәселелері көтерілді.

Диалог барысында айтылған ұсыныс-пікірлер заңнама жетілдіруде, азаматтық қоғам институттарының қызметін одан әрі қолдауға, олардың мемлекеттік органдармен тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз етуге үлкен мәнге ие болатыны баса айтылды.

Арухан АҚПАҢБЕТОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.
Суретте: шарадан көрініс.

Тәрбие

ЖАСТАР — ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

Еліміздің болашағы болған жастарды жан-жақты білімді, әлеуетті тұлға, кемел адам ретінде тәрбиелеу мәселесіне бүгінде ерекше, яғни заманалық тәсілдермен жанасылуда. Олардың барлық құқығы мен еркіндігін, мүмкіндіктері мен мүддесін қорғауда ұйымдастырушылық-құқықтық негіздермен үндесе отырып жетілдірілуде.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, еліміз тұрғындарының жартысынан көбін 30 жасқа дейінгі жас буын өкілі құрады. Тіпті еңбек ресурстарының жартысына астамын да жастар иеленуде. Бұл дегені алдағы уақытта әр басшының үшіншісі жас буын өкілі болады деген сөз. Сондықтан да жастар барлық орталарда қоғамның белсенді буыны ретінде тілге алынып келеді.

Шығыста ояну кезеңінде де, жәдидтер қызметінде де, қоғамның жанаруында да жастардың өзіндік орны болған. Осы тұрғыдан тұрақты қалыптасып отыратындықтан олар үнемі бағыттауды және қолдап-қуаттауды талап етеді. Бір жастардың мемлекет мүддесі жолында еркін әлеуметтенуі мен өз нәтижесін көрсете алуы үшін мүмкіндік ашуға, сондай-ақ жастарды қолдап-қуат-

тауға бағытталған іс-шаралар жүйесі жастарға қатысты мемлекеттік саясатты аңғартады. Сол үшін де елімізде басты назар еркін пікірлейтін, бастамашыл, қайратты жастарды тәрбиелеуге қаратылып, бұл заң жүзінде де қолданылуда.

Сонымен қатар жастарды мемлекет тарапынан қолдап-қуаттаудың қосымша іс-шаралары, дарынды және қабілетті жастардың мемлекет тарапынан қолдап-қуатталуы, жастардың әлеуметтік қызметіне тиісті нормаларда көрінісін тапқан. Соның ішінде ұлы ғұлама Мухаммед әл-Хорезми атындағы жас математиктер, физика пәні бойынша Ахмет Ферғани, химия пәні бойынша Әбу Райхан Беруни, биология бойынша Әбу Әли ибн Сина, астрономия бойынша Мырза Ұлықбек атындағы халықаралық пән олимпиа-

даларының өтуі дарынды және қабілетті жастарды жан-жақты қолдап-қуаттаудың іс жүзіндегі дәлелі болмақ. Сондай-ақ бүгінде шығармашылық, Президент мектептері, мамандандырылған мектептердің қызметі, алтын, күміс медальдардың, пән олимпиадаларының жеңімпаздары, Зулфия, “Келісім бунедкори” сынды мемлекеттік сыйлықтардың енгізілуі жоғарыда айтқандай, жастарға деген қамқорлық пен басты назардың үлгісі.

Бұдан тыс, үйлеспеген жастар үшін де лайықты мүмкіндік пен жағдай жасау, оларды жан-жақты қолдап-қуаттау, кәсіпке бағыттау және олардың жұмысбастандығын қамтамасыз ету, сондай-ақ бастамаларын ынталандыру барысындағы іс-шаралар соңғы жылдарда жаңа басқышқа көтерілді.

Сондай-ақ жас кәсіпкерлерді қолдап-қуаттауда да жауапты ұйымдармен бірге ауқымды істер атқарылуда.

Жалпы айтқанда, еліміздегі үкіметіміз тарапынан жастарға жасалған жеңілдіктер мен мүмкіндіктер еліміздің ертені, болашағы саналған жастардың биік белестерді бағындыруға және оларды еліміздің өркеніне үшін іс жүзінде қолдануына, яғни мемлекетке лайықты үлес қосуына жағдай жасауда.

Қорыта айтқанда, әрбір ата-ана, отбасы, махалла бүгінгі таңда перзенттерінің тәрбиесіне ен басты міндет деп қарауы, жастарды жат идеялар мен теріс ағымдардың кері әсерінен қорғауы, үлт пен мемлекеттің дамуын әлем қауымдастығына көрсете алатын жастарды тәрбиелеу басты міндет саналмақ. Өйткені өскелең ұрпақ, саналы, білімді жастар еліміздің болашағы, мықты іргесі боп қала береді.

Гузаль СУЛТАНХОЖАЕВА,
ШМПУ-дың гуманитар пәндер факультеті, Факультетаралық орыс тілі кафедрасының оқытушысы.

Тарих пен замана үндестігі

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ РУХАНИ СЕРПІЛІС

Бүгінгі таңда еліміз “Жаңа Өзбекстан” концепциясы аясында ауқымды реформалар мен өркениетті даму жолына қадам басты. Президент басшылығымен жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік, рухани және мәдени саясаттың өзегінде — адам капиталына, отбасына, әйелдердің қоғамдағы рөліне деген терең құрмет пен жан-жақты қолдау жатыр.

Елімізде әйелдер қауымының білім алуы, кәсіби өсуі, денсаулығы, құқығы мен бостандығы жаңа деңгейге көтеріліп, олардың ел дамуына белсене араласуына жол ашылуда. Сонымен қатар отбасы институтын нығайту, салт-дәстүрді сақтау, ұлттың рухани иммунитетін көтеру — мемлекеттің денгейде қолға алынған басты бағыттардың бірі.

Әйел — отбасының ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің де тірегі. Осы ұстаным аясында елімізде нәзік жандылардың әлеуетін ашуға арналған түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның жарқын дәлелі ретінде, ұлттық мұрамыздың інжу-маржаны саналатын “хан атлас” сияқты мәдени рәміздерімізді ұлықтайтын іс-шаралардың өткізілуін айтуға болады. Ұлттық болмысты сақтау мен жаңғырту жолындағы бұл бастамалар — мемлекет пен қоғамның үйлесімді өзара ықпалдастығының нәтижесі. Осы асыл мұрамызды кең көлемде дәріптеп, өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмыс пен эстетикалық талғамды сіңіру мақсатында Өзбекстан

Республикасының Отбасы және әйелдер істері бойынша комитетінің бастамасымен елімізде “Хан атлас” апталығы өтуде. Апталық — сән көрсетілімінің гәрі, ұлттық сана мен рухани биіктіктің фестиваліне айналды десек, артық айтқандық болмас.

Апталық аясында аудан көлемінде бірқатар мәнді де сәнді іс-шаралар өтті. Аудан әкімінің орынбасары, Отбасы және әйелдер бөлімінің өкілдері, Руханият және ағарту орталығы, Тарих және өлкетану мұражайы қызметкерлері, сондай-ақ қоғамның белсенділері — нәзік жандылар бас қосқан жиында ұлттық киімнің қоғамдағы орны, мәдениетіміздегі маңызы терең қозғалды.

“Хан атластан” тігілген киімдер, түрлі ұлт әуендері, заманауи ұлттық әндер, қолдан жасалған бұйымдар бір сахнада түйсіп, көрерменнің рухын оятады, жүрегіне жылулық сыйлады. Мұндай шаралар, ең алдымен, әйел затының қоғамдағы орнын, оның ұлттық мәдениетті сақтаушы, болашаққа жеткізуші тұлға ретіндегі рөлін ұлықтайды.



“Хан атлас” — мындаған жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан өнердің, дәстүрдің, шеберліктің, талғам мен тектіліктің жемісі. Оның әрбір өрнегі — көне дәуірлерден жеткен сыр, әр түсі — халқымыздың тұрмыс салтының, дүниетанымының көрінісі.

Шарада сөз алған зиялы қауым өкілдері мен өнер жана шырлары хан атлас — ұлтымыздың өз-өзіне деген құрметінің көрінісі екенін, “Хан атласымыз” — шетелдің сән сахнасында жүрсе де, өз тамырынан ажырамаған киелі құндылық екенін атап өтті.

Апталықтың басты мақсаты — халқымыздың көпғасырлық мәдениетін жаңғырту, әсіресе жастардың бойында ұлттық сән

үлгілеріне деген мақтанш сезімін ояту, нәзік жандылардың рухани әлемін байыту, олардың ұлттық мұраға деген құрметін арттыру.

Ұлттық киім арқылы халықтың дүниетанымын, өмірге көзқарасын, тұрмысын, ішкі мәдениетін ашуға болады. Осы апталық — өткен мен бүгінді, тарих пен болашақты тоғыстыратын алтын көпір.

Иә, ұлтты ұлт ететін — оның тарихы, тілі, ділі, салт-дәстүрі мен рухани мұрасы. Ал осы ұлы құндылықтардың ұйытқысы, сақтаушысы әрі ұрпаққа аманат етуші басты тұлға — әйел заты. “Хан атлас” — сол ұлт рухының, әйел көркемдігінің, ата-баба өнегесінің матадан өрілген мәңгілік бейнесі.

Апталық — ұлттық жадымызды жаңғыртудың, нәзік жандылардың рухани биіктікке көтерілуін, өткен мен болашақ арасындағы алтын көпірдің нақты көрінісі. Осындай бастамалар арқылы біз ұмыт бола бастаған салт-дәстүрімізді қайта тірілтіміз, тарихи жадымызды оятамыз, жас ұрпаққа тамыры терең, мазмұны бай мәдениетімізді мақтаншыпен таныстырамыз.

Еліміздің қолдап-қуаттауы мен рухани мұрасы. Ал осы ұлы құндылықтардың ұйытқысы, сақтаушысы әрі ұрпаққа аманат етуші басты тұлға — әйел заты. “Хан атлас” — сол ұлт рухының, әйел көркемдігінің, ата-баба өнегесінің матадан өрілген мәңгілік бейнесі.

Е.АБДУРАХЫМҰЛЫ

Астанада не жаңалық?

БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕСЕБІ

Депутаттар Мемлекет бюджеті мен мемлекеттік мақсатты қорлар бюджеттерінің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылуы туралы есепті қарады. Есепті Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Экономика және қаржы министрі Ж.Құчбаров ұсынды.

Есепте, жалпы ішкі өнім көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,2 пайызға, өнеркәсіп өнімдерін өндіру 6,6 пайызға, базардағы қызмет көрсету 13,3 пайызға, құрылыс жұмыстары 10,7 пайызға және ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру 4,0 пайызға өскені атап көрсетілді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 273,4 триллион сумды құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5,5 пайызға өскен. Бұл өз кезегінде халықтың нақты табысын 9,5 пайызға арттырып, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде маңыздылыққа ие.

Быылғы жылдың бірінші жартыжылдығында еліміздің сыртқы сауда айналымы 37,0 миллиард долларды құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16,1 пайызға өскен.

Есеп кезеңінде Мемлекеттік бюджет табыстары 103,4 пайызға орындалып, шығыстар бойынша жоспарлы көрсеткіштер 96,8 пайызды құраған.

Жиында атап өтілгендей, 2025 жылдың бірінші жарты-

жылдығында Мемлекеттік бюджет табыстары 144,2 триллион сумды құрап, 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 19,2 пайызға артқан, дерлік барлық салық түрлері бойынша белгіленген жоспардағы көрсеткіштер толық орындалған.

Мемлекет бюджетінің қаражаттары есеп беру кезеңінде 173,3 триллион сумды құрап, 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16,0 пайызға өскен.

Атап айтсақ, үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында әлеуметтік қаражаттар үшін Мемлекет бюджетінен 86,2 триллион сум немесе 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12,1 триллион сумға артық қаржы бөлінген. Бұл жалпы шығындардың 49,8 пайызын құрайды.

Кәсіпкерлерді қолдап-қуаттау мақсатында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында қосылған құн салығынан кері айырмашылықты жабу үшін салық төлеушілерге 12,1 триллион сум көлеміндегі қосымша құн салығының сомалары қайтарылған. Кәсіпкерлік субъектіле-

рінің қызметін “көлеңкеден” шығару және заңдастыру бойынша шаралар қабылдау нәтижесінде есеп беру кезеңі аяғында қосылған құн салығы төлеушілер саны 230,4 мыңды құрап, 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,7 мыңға немесе 3,4 пайызға өскен.

Талқылау барысында депутаттар тарапынан “Кембағалдықтан әл-ауқаттылыққа қарай” бағдарламасы аясында “ауыр” санатқа енгізілген 205 махаллада жалпы құны 326 миллиард сум 247 жоба жөніндегі болған сұрастыру нәтижесінде 114 ішкі жолды жөндеу, 73 мектеп пен 24 емдеу мекемесін жөндеу және жабдықтау сияқты жобаларға қаржы бөлінгені оң бағаланды.

Депутаттар қол жеткізген нәтижелермен бірге, кейбір қате мен кемшіліктерге жол берілгеніне де сыни баға беріп, пікірлерін білдірді. Мәжілісте жергілікті мемлекеттік билік органдары лауазымды тұлғалардың атқару тәртібін арттыру, Мемлекет бюджетінің және мемлекеттік мақсатты қорлар бюджеттерінің алдағы кезеңде дер кезінде сапалы атқарылуына депутаттық бақылауды күшейту қажеттігі айтылды.

Қызу сұрақ-жауаптардан кейін депутаттар Мемлекет бюджетінің және мемлекеттік мақсатты қорлар бюджеттерінің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы атқарылуы туралы есеп бойынша тиісті қаулы қабылдады.

БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Жуырда Қазақстанның Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің кеден қызметтері басшыларының XI кездесуі өтті.

Оған Өзбекстан Кеден комитетінің төрағасы Акмал Мавлонов қатысты.

Шарада өкілетті экономикалық операторларды өзара тән алу, ұлттық жүйелерді біріктіру, “Бір терезе” және “Бір бекет” жүйелерін енгізу, сондай-ақ транзиттік жүктерді тасымалдауда электронды пломбалар мен бақылау технологияларын қолдану мәселелері талқыланды.

Басты мәселе 2022 жылы Самаркандта қол қойылған “Женілдетілген кедендік дәліз туралы” келісімнің атқарылуына назар аударылды. Өзбекстан тарапы бұл келісім бойынша техникалық жұмыстарды ағымдағы жылдың октябрь айына дейін аяқтау керектігін айтты.

Сондай-ақ жиналыста ТМҰ аумағында eTIR электрондық рәсімнің енгізу мәселесі де қаралды. Қазіргі уақытта бұл жүйе 80-ге жуық елде қолданылады. eTIR қағаздан жасалған TIR кітапшасынан бас тартуға, шығындарды азайтуға және кедендік рәсімдеу үдерістерін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Кездесу соңында ТМҰ елдері аймақта eTIR енгізу туралы бірлескен мәлімдемеге, сондай-ақ қауіптерді басқару және кедендік зертханалар саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылды.

(Өз тілшімізден.)

Жызақ хабарлары

ҚАРАУСЫЗ ЖЕРДЕН ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚҚА ДЕЙІН

2018 жылы негізі қаланған “Sahibqiron Gate” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бүгінде Ғаллаарал ауданындағы нағыз туристік орталыққа айналды.

Бұл жердің негізін қалаушы әрі директоры Нилуфар Абдураимова “Дустлик” махалла азаматтар жиыны аумағындағы қарапайым жерді өзінің еңбекқорлығымен, табандылығының арқасында мен тартымды туристік орынға айналдыра білді.

Сауда-өнеркәсіп палатасының Жызақ облыстық басқармасының “Жастар және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту” бөлімінің жауапты қызметкері М.Ортиковамен сұхбатында Нилуфар Абдураимова өзінің кәсіпкерлік жолы, кездескен қиындықтары, жеткен жетістіктері туралы шынайы ойларымен бөлісті.

Нилуфар Абдураимова: “Алғашында бұл жерде ешқандай жағдай болған жоқ. Бірақ мен өзіме сендім. Жергілікті тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, қонақтарға қызықты жағдай жасауға тырыстым. Бүгінде мұнда тек жергілікті туристер ғана емес, шетелден де қонақтар келеді. Менің арманым — осы жер арқылы еліміздің сұлулығын әлемге таныту”.

Нилуфар Абдураимованың жетістігі көптеген жастар мен әйелдерге шабыт көзі саналады.

БІЛІМДІЛЕР МЕН БІЛІКТІЛЕР ОЙЫНЫ

Мүгедектік мүмкіндіктерді шектемейді. Дамуға, өсуге, жеңіске деген құштарлық әрбір адамға болашақта өз мақсаты мен тұғырнамасын жасауға сеп болады.

Мемлекеттік қауіпсіздік қызметі Жызақ облыстық басқармасы бастығының жүлдесі үшін мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында өткен шахмат жарысы мүмкіндігі шексіз, мақсаты айқын, болашағына сенімді биік азаматтарды жинады. Мүгедектік — өзгеріп тұратын категория. Мысалы, аурудың түріне қарай және оның дұрыс емделуіне байланысты мүгедек адамның денсаулығы жақсарып, еңбек ету қабілеті жоғарылауы мүмкін. Сон-

дықтан оларды қоғамнан оқшауламай, бойындағы қабілетін дамыту қоршаған ортаның, үкіметтің бастапқы міндеті. Дүбірлі доданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталып, оларға тиісті ынталандырулар берілді. Барлық белсенді қатысушыларға естелік сыйлықтар табыс етілді.

Жызақ облысы әкімдігінің Баспасөз және ақпарат қызметі.

Тілсіз жау

БАР АЗАМАТТЫҢ БОРЫШЫ

Халықтың, қоғамның мүлкін, кәсіпорындар мен ұйымдарды, түрлі өндірістік орындарын, тұрғын үйлерді өрт апатынан қорғауда, жалпы өрттің алдын алуда сала өкілдері жүргізетін түсіндіру шараларының рөлі маңызды. Басты мақсат — төтенше жағдайларға, өрт қауіпсіздігіне қарсы күресуді күшейту. Сондай-ақ азаматтарды ықтияттық шаралары арқылы апаттың алдын алуға жұмылдыру. Себебі “тілсіз жаумен” күресу барша азаматтың борышы.

Д.ХУСАНОВ,
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы ғимаратында ОҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

ЕРЕЖЕЛЕР НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Өр аумақта өрт кезінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қауіпті ғимарат пен құрылыстар үшін қосымшаға сәйкес өрттің алдын алу жол-жорықтары жасалғаны болуы тиіс. Барлық ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлері өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша нұсқаулықтар алғаннан соң жұмыс істеуіне рұқсат беріледі. Ал жұмыс істеу түрі өзгерген уақытта өрттің алдын алу және оны сөндіру туралы басшы белгіленген тәртіппен қосымша мәлімет алуы қажет.

Д.ДЖАБАРОВ,
Өзбекстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ғимаратында ОҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

САЛҒЫРТТЫҚТАН ТУЫНДАЙДЫ

Өрбір келеңсіз жағдай кейбір адамдардың көп нәрсеге атүсті қарауының нәтижесінде туындайтыны белгілі. Ескертүүлере қарамастан, тұрғын үйлерде, көп қабатты үйлерде газ және электрлі жиһаздардың дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындайтын өрт жағдайы көп кездеседі. Азаматтардың өз үйлеріндегі газ және электр тармақтарындағы ақаулықтарға көңіл бөліп қарауы, кемшіліктерді дер кезінде жоюы өрт қауіпін алдын алуға септігін тигізеді. Жоғарыда айтқандай, апаттың болуын жол бермейді.

Х.КАЙКУЛОВ,
“Халықтар достығы” өнер сарайында ОҚТҰБ-ның инспекторы

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАҒЫТТАЛАДЫ

Жасампаздық заттары жанбайтын және жануға бейімділігін екіге бөлінеді. Жануға бейімділігінің өзі өрте өлсіз жанатын, бірқалыпты жанатын, нормасында жанатын және күшті жанатын. Жалпы құрылыстарға бұл қауіпсіздіктер өрттің алдын алуға, отқа төзімділікті арттыруға, тұрғын үйлер мен ғимараттарды, бастысы, адамды өрт жағдайынан сақтау мақсатында іс жүзіндегі шаралар болып табылады. Дегенмен қауіпсіздіктегі басты мәселе азаматтардың өрт қауіпсіздігі ережелеріне мойынсұнуы саналады.

И.РАХМАТХУЖАЕВ,
“Түркістан” өнер сарайында ОҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

Балалар — болашағымыз

ЖАҢА БАЛАБАҚША ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Президенттің “Ислам даму банкі” мен ОПЕК халықаралық қорының қатысуымен “Ауылдық жерлерді тұрақты дамыту” жобасын жүзеге асыру іс-шаралары туралы” қаулысы негізінде бірқатар аумақтарда жаңа әлеуметтік нысандар салынууда.

Қаулы аясында Қарақалпақстан Республикасы Нөкіс ауданы “Тақыркөл” ААЖ аумағында заманалық №18 мектепке дейінгі білім беру мекемесі пайдалануға берілді.

Бұл — мекеме елімізде білім беру жүйесін дамыту, балалар үшін лайықты жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалардың нәтижесі.

Бұл балабақша 120 орынға арналған болып, заманауи оқу кабинеттерімен, ойын алаңдарымен және қолайлы инфрақұрылымымен ерекшеленеді.

Нысанның құрылысына 5 миллиард 388 миллион сум қаржы бағытталып, қысқа мерзімде сапалы етіп пайдалануға берілді.

Жаңа мектепке дейінгі білім беру ұйымының іске қосылуы тек ауыл халқы үшін ғана емес, бүкіл ауданның ата-аналары үшін үлкен қолайлылық туғызып, балалардың рухани және физиологиялық тұрғыдан дамуына қызмет етеді.

Шалғайдағы ауылда

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Ауылдық аумақтарды әлеуметтік дамытуға бағытталған реформалар елімізде дәйекті түрде жалғасуда.

Салаға бағытталған назар, әсіресе білім беру саласының инфрақұрылымын жақсарту арқылы айқын көрінеді. Осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде өңірлерде жаңа мектеп, балабақша, емхана сияқты маңызды әлеуметтік нысандар салынууда.

Президенттің арнаулы қаулысы негізінде “Ауылдық жерлерді тұрақты дамыту” жобасы аясында түрлі аумақтарда құрылыс жұмыстары жүзеге асырылууда.

Қарақалпақстан Республикасы Беруни ауданы “Абай” ААЖ аумағында 90 орынға арналған жаңа мектепке дейінгі білім беру мекемесінің салынуы бұл әрекеттердің тағы бір іс жүзінде

дік көрінісі болып табылады. Жобаға 4 миллиард сум қаржы бөлініп, қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жаңа балабақшаның салынуы нәтижесінде осы аумақта тұратын отбасылар үшін балаларын балабақшаға орналастыруда қолайлылықтар жасалады.

Аймақтардағы әлеуметтік инфрақұрылымды нығайту жолындағы мұндай бастамалар халықтың өмір сүру сапасына оң әсер етіп, ауылдық жерлерде де қолайлы әрі заманауи жағдайларды жасауда зор маңызға ие болуда.

Тілеухан ШӨМЕКОВА,
“Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Саналы ғұмырдың саңлағы

ҰЛТ ҰЛАҒАТЫН ҰРПАҚҚА АМАНАТТАҒАН ҰСТАЗ

Адамзат өмірінің мәні — өз бойына ізгілік пен білімді сіңіріп, оны өзгелерге үлгі етіп, ұрпаққа аманаттау. Осындай ұлы міндетті абыроймен арқаалаған жанның бірі әрі бірегейі — Садықов Абдурахым Батырбекұлы. Ол заман талабына сай білім мен тәрбие берудің ғана емес, ұлттық рухты жаңғыртып, қазақтың салт-дәстүрі мен тарихын жас ұрпаққа жеткізудегі айрықша тұлға.



Бір қарағанда қарапайым сияқты көрінетін бұл ұстаздың өмір жолы терең тағлымға толы. Әрбір оқушының жүрегіне тарихтың рухын сіңіріп, олардың ой-санасын кеңейтіп, бойларына адалдық пен парасаттылықтың ұлы құндылықтарын сіңіру — Абдурахым Батырбекұлының негізгі мақсаты болды. Оның ұстаздық өнері — тек білім берумен шектелмей, рухани тәрбиенің алтын көпірі іспеттес.

Ұрпақ тәрбиесі — ол ұлттың болашағы. Сондықтан да ұстаздың орны ауыспас, қызметі ешқашан ескірмес құндылық. Садықов Абдурахым да дәл осындай мағынадағы ұстаздардың бірі.

Садықов Абдурахым Батырбекұлы 1965 жылы 21 сентябрьде Ташкент облысының Аққорған ауданындағы Мамыт ауылында қызметкер отбасында туылды.

Әкесі Батырбек қарапайым, жаны жайсаң азамат болумен қатар, заман көшінен артта қалып қоймауға ұмтылған азамат атанған. Анасы Хұмыр

ақылды, парасат-пайымы мол, ұлттық салт-дәстүрлерді және халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жақсы білетін ауыл қызы еді. Осындай сыйлы, өзгелерге үлгі боларлық отбасында тәрбие алған кейіпкеріміз де әдебиетті, тарихты, қазақы ортаны сүйіп өсті.

1972 жылы он жылдық мектептің бірінші сыныбына қабылданып, білім жолына аяқ басты. Орта мектепті 1982 жылы бітіріп, сол жылы ауыл мектебіне жетекші болып орналасады. 1983 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, білімін жалғастырады. Қысқа уақыт ішінде ел алдындағы азаматтық борышын орындау үшін 1984-1986 жылдары кеңес әскерлерінің Эстонияда орналасқан танк дивизиясында қызмет етеді. Қызметтен оралған соң, 1986-1990 жылдары институттағы оқуын үздік бағалармен тәмамдап, кәсіби ұстаздыққа толық дайын болды.

Абдурахым Батырбекұлының шын мәніндегі ұстаздық қызметі 1990 жылы Аққорған ауданындағы №20 мектепте тарих пәнін оқытушысы болып орналасқан кезінен басталады. Ол үздік ұстаздардың тәжірибесін бойына сіңіріп, үнемі ізденіп, өз кәсібінің шебері болды. Арадан көп өтпей-ақ 1991 жылы жас маман мектеп директорының рухани-ағарту істері бойынша орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл жауапты қызмет оған мектептің тәрбиелік және мәдени жұмысын дамытуға кең мүмкіндік берді. Абдурахым Садықов ұлттық құндылықтарды сақтауға, қазақ тілін дамытуға және ұлттық рухты көтеруге бағытталған түрлі жобалар мен шараларды ұйымдастыруда алдыңғы қатарда болды.

Оның басшылығымен мектепте оқушылардың бойында ұлттық рухты қалыптастыруға, шығармашылық пен зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген бағдарламалар енгізілді.

насындағы №20 мектепте тарих пәнін оқытушысы болып орналасқан кезінен басталады. Ол үздік ұстаздардың тәжірибесін бойына сіңіріп, үнемі ізденіп, өз кәсібінің шебері болды. Арадан көп өтпей-ақ 1991 жылы жас маман мектеп директорының рухани-ағарту істері бойынша орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл жауапты қызмет оған мектептің тәрбиелік және мәдени жұмысын дамытуға кең мүмкіндік берді. Абдурахым Садықов ұлттық құндылықтарды сақтауға, қазақ тілін дамытуға және ұлттық рухты көтеруге бағытталған түрлі жобалар мен шараларды ұйымдастыруда алдыңғы қатарда болды.

Оның басшылығымен мектепте оқушылардың бойында ұлттық рухты қалыптастыруға, шығармашылық пен зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған көптеген бағдарламалар енгізілді.

35 жылдан астам уақыт мектеп саласында қызмет еткен Абдурахым Батырбекұлы мыңдаған оқушыға білім берді, олардың бойында ұлттық сана мен рухты оятты. Оның әрбір сабағы — рухани азық, әрбір тәрбиелік шарасы — жүрекке жол. Ол үшін ұстаздық тек мандық емес, керісінше, өмірлік миссия, елі мен ұлтына қызмет ету жолы.

Оның бастамасымен қолға алынған іс-шаралар, жобалар, мәдени және тарихи тағымды арттыруға бағытталған сабақтардың барлығы да мектептің рухани болмысын көтеруге бағытталды. Қоғамдық өмірде де белсенділігімен көзге түсіп, ауданның білім беру саласында беделді тұлға айналды.

Абдурахым Батырбекұлы Садықовтың өмірі — ұстаздық парызға адалдықтың, ұлттық рух пен адамгершіліктің үлгісі. Оның еңбегі мен өнегесі мыңдаған жүрекке жол сілтеп, жас ұрпақтың жан дүниесін байытып келеді. Әрбір оқушының бойында білім мен парасаттың сәулесін жағуды өзіне міндет еткен ұстаз — нағыз ұлттың баға жетпес қазынасы.

Биыл Абдурахым әкеміз мерейлі 60 жасқа толып отыр. Бұл оның өмірлік тәжірибесі мен даналығының, қажырлы еңбегінің, табанды ұстанымының айғағы. Осындай асыл азаматтың мерейтойы бүкіл отбасының шын мәніндегі үлкен мерекесі.

Алпысты алқымдаған асқар тау әкемізге зор денсаулық, алдағы жылдары өмірдің жана белестерін бағындыруға қажымат қайрат, мол бақыт пен шаттық тілейміз. Ұстаздық қызметінде одан әрі табысқа жетіп, өзіндік ұрпағыңызға рухани шамшырақ болып қала беріңіз дейміз.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ, Үсенбай БАТЫРБЕКОВ, Аққорған ауданы.

Педагогика

ТИІМДІ ТӘСІЛ

Қазіргі педагогика — бірқатар жетекші ғылыми тұжырымдамаларға негізделген үнемі дамып отыратын сала. Бұл тұжырымдамалар оқу үдерісін тиімдірек, инклюзивті және тұлғаға бағытталған түрде ұйымдастыруға көмектеседі.

Қазіргі педагогика ғылымының маңызды ғылыми тұжырымдамалары: Тұлғаға бағытталған білім беру (Person-Centered Education); Құзыреттілікке негізделген тәсіл (Competency-Based Approach); Конструктивизм (Constructivism); Инклюзивті білім беру (Inclusive Education); Білім беруде АКТ қолдану (Use of ICT in Education); Өмір бойы білім алу (Lifelong Learning).

Бұл ұғымдардың барлығы қазіргі педагогика ғылымының негізін құрап, білім сапасын арттыруға, оқушыларды XXI ғасыр талаптарына сай етіп тәрбиелеуге негізделген. Мұғалімдер бұл ұғымдарды өз тәжірибесінде қолдана отырып, оқу-тәрбие үдерісін тиімдірек және мазмұнды ете алады.

Қазіргі уақытта ақпараттық коммуникациялық технологиялардың балаларды қаншалықты қызықтырып жатқанына күә

болып отырмыз. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларына математиканы оқытуда АКТ тиімді пайдаланылса, балалар математиканы қиын және түсініксіз пән ретінде қабылдамайды. Математиканы жақсы көретін оқушылар саны артады.

АКТ-ны пайдалану білім беруді қызықты, интерактивті және тиімді етеді, оқушыларға әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, мұғалімдерге оқыту әдістерін әртараптандыруға және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуге мүмкіндік береді.

Біз ата-аналармен бірге оқуға арналған бағдарламаларды жасауымыз керек. Ата-аналарға бұл бағдарламаларды пайдалану үшін нақты нұсқаулар болуы керек деп санаймыз.

Шуныса ДАВЛАТОВА, Шырыс мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы.

Жастар бастамалары

БАЯНДЫ БАҒДАРЛАМАЛАР

Сырдария облысында жастарға арналған жаңа жұмыс орындары ашылып, олардың кәсіби дамуы мен экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар жүзеге асырылуда. 2025 жылдың бірінші жарты жылдығында мемлекеттік бағдарламалар нәтижесінде облыстың 1,5 мыңға жуық жас азаматы тұрақты жұмыспен қамтылды.

Жаңа жұмыс орындарының басым бөлігі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларында ашылды. Баяуыт ауданындағы “Гүлстан” махаласы осы бастамалардың күесі, мысалы, 23 жас тұрғынның 7-уі өндірістік кәсіпорынға жұмысқа орналасты, қалғандары өз ісін бастауға мемлекеттік қолдау алды.

Дәнекерлеу өндірісінде жеке кәсіпкерлік жобасын сәтті жүзеге асырған Лазизбек Мамаразов мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Мұндай бастамалар жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтып, олардың болашағы

на сенімін арттыруда маңызды рөл атқарады. “Жастар дәптері” және “Әрбір отбасы — кәсіпкер” бағдарламалары жас азаматтарды қаржылық тәуелсіздікке жеткізіп, қоғам өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Сырдария облысында атқарылып жатқан жұмыстар мемлекеттің тиімді саясатының үлгісі болып табылады, ал алдағы кезеңде әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларды кеңейту және жеке сектормен серіктестікті күшейту жоспарлануда.

Айдана МЕДЕНОВА, “Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Футбол

ҚАНАТТАНҒАН ҮМІТТЕР

Сонау өткен ғасырдың елуінші жылдарынан өзбек елі футбол жанкүйерлерінің үміттерін қанаттандырып, аспанға самғата білген, әрине Өзбекстан футболшылары. Ол үмітті оятқан Ташкенттің “Спартак” футбол командасы болатын. Ғасыр басында, яғни 1912 жылы құрылған “Қоқан-1912” командасы өзбек футбол тарихында мәңгі орын алғанымен, футбол жанкүйерлерінің жақсы жадында қалғаны Ташкенттің “Спартак”. Ескі Жубадағы “Пушкин” саябағы қарсысында орналасқан “Спартак” стадионындағы жанкүйерлердің жадында қалуына мәжбүр ете алған шабуылшы Мақсұдов, қорғаушылар Азизходжаев, Виткалов, тағы басқа да “Спартак” командасының футболшылары болды.

1956 жылы “Пахтакор” командасы “Спартак” футболшылары негізінде ұйымдастырылып, команда кеңес одағының “Б” класында біріншілік үшін қатыса бастады. Командада жоғарыда аталған футболшылардан басқа Тазетдинов, Козенков, Мукимов, Мурашов, Шеффер, Садықов, кейінгі уақыттарда басқа да көптеген футболшылар жанкүйерлердің үміттерін одан ары жандыра түсті. Олардың негізгі үміті — “Пахтакордың” кеңес одағы біріншілігінің “А” класында көру еді. Ол үміт ақталып, “Пахтакор” 1960 жылдан бастап біріншіліктің “А”

класында ойнай бастады. Қуанышқа орай 1956 жылы “Пахтакор” стадионының құрылысы бітіп, жұмысқа тапсырылған болатын. Футбол жанкүйерлерінің үміттері қанаттанғандығының дәлелі — “Пахтакор” стадионында әр матчқа 50 мыңнан астам адамдар келетіндігі. “Пахтакор” командасы “Б” класстағы Ташкенттің “Трудовые резервы” командасы футболшыларымен толықтырылды.

“Трудовые резервы” командасынан Пшеничников, Беляков, Семенов, Кольцов және басқа талантты футболшылар “Пахтакорға” өткендігі де жанкүйерлердің үміттерін тағы да қанағаттандыра түсті. Командада Красницкий, Стадник, Тазетдинов, Беляков, Вареник, Моторин, Якубов сияқты футболшылар өздерінің ойындарымен жанкүйерлерді риза етті. Әсіресе, “Красницкий — Стадник” тандемі типті Мәскеудегі футбол корифейлерінің назарын аударды. 1963 жылдан бастап Абдураимов, Рахматуллаевтар “Пахтакор” құрамына қосылып, команданы күшейте түсті. Одан кейінгі жылдарда Ибрагимов, Исаков, Ан, Пятницкий, Федоров, Ханзипангис сияқты футболшылардың “Пахтакор” құрамында “өнер” көрсетулері жанкүйерлердің үміттерін қанаттандырмай қойсын ба? “Пахтакор” футболшылары 1968 жылы кеңес одағы кубогында Мәскеудің “Торпедо” командасымен Ташкентте финалдық сайыста кездескенінің өзі үлкен жеңіс десе болатын жағдай. “Пахтакор” стадионында 60 мыңнан астам жұрт жоғары деңгейдегі футбол ойынының күзгерлері болды. Олар Стрельцов, Иванов, Батанов, тағы басқа дарынды футболшылардың ойынына көзге мүмкіндік алды. “Пахтакор” 1962, 1982 жылдары “А” класта алтыншы орынды иелесе, 1966 жылы мәскеулік бапкер Якушиннің басшылығында “А” класс командаларының бірінші айналым матчтарынан соң бірінші орында тұрды. Мәскеудің білікті футбол мамандары саналған Аркадьев, Качалин, Морозовтар неге “Пахтакорға” бапкерлік еткен

дейсіз? Әрине, өзбек футболшының ерекше шабуылға бейімділігі және көп талантты футболшылардың барлығы оларды Ташкентке магниттей тартты. Бұл кеңес одағы кезіндегі “Пахтакордың” жетістігі еді. Тәуелсіздіктен кейін әлем аренасында жеке ойын көрсете бастаған Өзбекстан футболшылары бұрынғыдан да жақсы ойындар көрсете бастағаны шындық. Мәселен, 1994 жылы Қытайда өткен Азия біріншілігінде жеңіске жеткен құрамымызда Қасымов, Шквырин, Абдураимов, Мақсұдовтар бірінші орын иелеуге бар күш-жігерлерін жұмсады. Азияның чемпиондар лигасында “Пахтакор” мен “Бунякор” футболшылары жартылай финалда ойнағандары кімнің жадынан шығады екен? “Бунякор” құрамында әлемге әйгілі бразилиялық Ривалдонның ойнағаны, командаға Скалари сияқты бапкердің келуі нені аңғартады дейсіз? Әрине, өзбек футболшының әлемге таныла бастағаны болды. Дегенмен, кейбір кемшіліктерге де көз жұмып болмады. 2011 жылы Өзбекстан құрамасы Азия біріншілігінде жартылай финалға шығып, баршаны бір қуантып еді, бірақ Австралия құрамасына 0:6 есебімен жеңіліп, жанкүйерлердің қанаттанна бастаған үміттерін сөндірді. Одан кейінгі уақытта Алматылық “ОКМК”, Қаршының “Насаф” командаларының чемпиондар лигасындағы сәтсіздіктері өзбек футболшына біраз болса да көлеңке түсіргендей болғаны өтірік емес. Бір

кезде “ОКМК” Өзбекстан кубогының Бактияр Ашурматовтың бапкерлігінде жеңіп алған еді, бірақ ол жұмыстан алынып, орнына Қасымовтың тағайындалғаны жанкүйерлердің үміттерін ақтай алды деп ойлауға болмайды. Мүмкін, Өзбекстан футбол федерациясының басшылары Қасымовты “Бунякор” командасымен чемпион олимпиадасына қатысу үшін жолдамаға ие болды. Ал, өспірімдер құрамасы Сауд Арабиясында өткен Азия біріншілігінде И.Исмаиловтың бапкерлігінде тамаша ойындар көрсетсе, мемлекеттің бас құрамасы 2026 жылы АҚШ, Канада және Мексикада өтетін әлем біріншілігіне іріктеу матчтарда мақтауға лайықты ойындар көрсетіп, жолдамаға ие бола алды. Жақында ғана өткен КАФА ұлттар кубогы турнирінде Иран құрамасын финалда 1:0 есебімен жеңіске жетті. Мұндай жеңістер әрине жанкүйерлердің



үміттерін қанаттандырмай қоймайды. Өзбекстанда соңғы жылдары футболдың күрт даму жолына түскендігі үкімет пен Президентіміз шығарған қаулылардың бұлжытпай орындалып жатқандығына деп түсіну керек. Әсіресе, Президентіміз қаулыларының іс жүзінде орындалуы бір ғана футболда емес, спорттың барша түрлерінде десек, жансақ айтқан болмаймыз.

2026 жылы өтетін әлем біріншілігінде Өзбекстан құрамасы өз тобынан плей-офф басқышына шыға алады деген жанкүйерлердің үмітін футболшыларымыз ақтай алады деген сенімдеміз. Егер солай болған жағдайда Өзбекстан құрамасы әлемнің 24 мемлекеттері құрамалары арасынан орын алады деген сөз. Өйткені 2026 жылғы мундиалға 48 мемлекет құрамалары қатысатыны белгілі. Еліміздің футбол жанкүйерлерінің үміттері ақталатыны рас болғай!

Жуырда басталатын Азияның элит чемпиондар лигасында “Насаф” және кубок иелері лигасында “Андижон” футболшылары жақсы ойын көрсетіп, өз топтарынан кейінгі басқышына шыға алады деген жанкүйерлердің үміттерін ақтай алатындығына сенгіміз келеді. Лайым, солай болғай! Өткен жылы Т.Кападзе басшылығындағы олимпиада құрамасы (жастар) 2024 жылы Катарда өткен Азия біріншілігінде бірінші орынды иеленіп, Париж олимпиадасына қатысу үшін жолдамаға ие болды. Ал, өспірімдер құрамасы Сауд Арабиясында өткен Азия біріншілігінде И.Исмаиловтың бапкерлігінде тамаша ойындар көрсетсе, мемлекеттің бас құрамасы 2026 жылы АҚШ, Канада және Мексикада өтетін әлем біріншілігіне іріктеу матчтарда мақтауға лайықты ойындар көрсетіп, жолдамаға ие бола алды. Жақында ғана өткен КАФА ұлттар кубогы турнирінде Иран құрамасын финалда 1:0 есебімен жеңіске жетті. Мұндай жеңістер әрине жанкүйерлердің

үміттерін қанаттандырмай қоймайды. Өзбекстанда соңғы жылдары футболдың күрт даму жолына түскендігі үкімет пен Президентіміз шығарған қаулылардың бұлжытпай орындалып жатқандығына деп түсіну керек. Әсіресе, Президентіміз қаулыларының іс жүзінде орындалуы бір ғана футболда емес, спорттың барша түрлерінде десек, жансақ айтқан болмаймыз.

2026 жылы өтетін әлем біріншілігінде Өзбекстан құрамасы өз тобынан плей-офф басқышына шыға алады деген жанкүйерлердің үмітін футболшыларымыз ақтай алады деген сенімдеміз. Егер солай болған жағдайда Өзбекстан құрамасы әлемнің 24 мемлекеттері құрамалары арасынан орын алады деген сөз. Өйткені 2026 жылғы мундиалға 48 мемлекет құрамалары қатысатыны белгілі. Еліміздің футбол жанкүйерлерінің үміттері ақталатыны рас болғай!

Құлназар ИБРАГИМОВ, Қыбырай ауданы.

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3698

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарысымен сөйкес келе бермейтіндігі ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

9 72010 634001

Кезекші редактор: Жаннат МОЛДАШЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurlitj2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

https://sites.google.com/view/nurlitjoluz

https://t.me/nurlitj1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738